

## 1992 жылы туған азаматтарды әскери шақыру учаскесіне тіркеуге алу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының әкімінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қаңтарда N 5-11-88 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімінің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 29 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімінің 2009.07.08 N 29 шешімімен.**

Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу-әскер жасына дейінгілерді әскери есепке қою жергілікті әскери басқару органдары арқылы жүргізіледі. Тіркелетін жасы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтар шақыру учаскелеріне тіркеуге жатады. 1992 жылы туған жасөспірімдерді әскери шақыру учаскесіне тіркеуге алу мақсатында «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысы, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерімен әскери құрылымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 қаулысы, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17, 18 баптары, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасының негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Зайсан ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі (Ж.К.Толыбаев келісім бойынша) 1992 жылы туған жасөспірімдерді 2009 жылғы 1 қаңтардан 2009 жылдың сәуірдің 1- не дейін әскери шақыру учаскесіне тіркеуден өткізуді ұйымдастыру ұсынысын.

2. Аудандық медицина бірлестігінің директоры (З.Қ.Қалибеков келісім бойынша) әскери шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жасөспірімдерді арнайы бөлмелерде тексеруден өткізу үшін «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министірінің 2005 жылғы 16-наурыздағы № 117, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрінің 2005 жылдың 4-наурызындағы № 100 бірлескен бұйрығына сәйкес қажетті мөлшерде медициналық аспаптармен,

мүлікпен қамтамасыз ету ұ сынылсын. 3. Азаматтарды шақыру учаскесінен тіркеуден өткізу жұмыстарын үйлестіру үшін комиссия төмендегі құрамда бекітілсін:

Толыбаев Жанат Қамзаұлы	- аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы келісім бойынша)
Мухамедкариева Зухра Ағзамқызы	- аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Гайсина Нұрғиза Көпжасарқызы	-аудандық медициналық бірлестіктің диагностикалық клиникасының бөлім меңгерушісі, дәрігерлік комиссияның төрайымы келісім бойынша)
Акатаев Жасулан Берікханұлы	- аудандық ішкі істер бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Бегімжанова Гүлия Төлеуханқызы	- аудандық медициналық бірлестіктің медбикесі, комиссия хатшысы келісім бойынша)

4. Осы шешімге қоса беріліп отырған Зайсан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын 1992 жылы туған азаматтарды медициналық куәландыратын әскери дәрігерлік комиссияның құрамы 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. 2-қосымшаға сәйкес ауылдық округтер әкімдеріне, мектеп директорларына азаматтық алған бұрын әскери есепте тұрмаған азаматтарды, тіркеу учаскесіне жеткізу, тіркеуге жататын іс сапардағы, демалыстағы азаматтардың шақырылуын қамтамасыз ету, жасөспірімдерді әскери есепке тіркеу учаскесіне дейін ертіп әкелетін арнайы адамдар бөлу жасөспірімдерді шақыру учаскесіне тіркеу уақытында жабдықталған көлікпен жеткізуді қамтамасыз ету және оларды тасымалдауда жазатайым оқиғалардан сақтанудың барлық шараларын сақтау м і н д е т т е л с і н .

6. Аудан әкімі аппаратының қаржы және шаруашылық бөліміне ( М . С . С а п а р ғ а л и е в а ) :

1) байланыс жүйесі, қорғаныс істері жөніндегі бөлім ғимаратының ағымдық жөндеу жұмыстарын және жалға төлеу ақысын;

2) жасөспірімдерді әскери есепке тіркеу уақытында қосымша жанар-жағар май бөлінуін, канцелярлық заттар шығындарын;

3) жасөспірімдерді әскери шақыру учаскесіне тіркеуде дәрігерлік тексеруге және емдеуге жұмсалған шығындарды;

4) әскери-дәрігерлік комиссияға, әскерге шақырылатын азаматтардың іс-құжаттарын дайындау үшін техникалық қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің тапсырысымен келісімшарттар бойынша

кабылдауды аудан бюджетінде қаралған қаржы есебінен қаржыландыруды  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Аудандық білім бөлімінің бастығы (С.С.Абдығалиева), аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (Ж.Қ. Толыбаев келісім бойынша) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу және білім дәрежесін, дене шынықтыру даярлығын тексеру жөнінде комиссия құру ұсынылсын.

8. Аудандық медициналық бірлестігінің директорына (З. Қ. Қалибеков келісім бойынша) 2009 жылы тіркелуге жататын, сондай-ақ әскери оқу орындарына үміткерлерді медициналық куәләндіру және емдеу жүргізілетін емдеу мекемелерін белгілеу, қосымша тексеруге қажет жататын орын бөлу ұсынылсын.

9. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы (Н.М.Түгелов келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіруді және қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне уақытылы жеткізуді  
қ а м т а м а с ы з е т у ұ с ы н ы л с ы н .

10. Зайсан аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1992 жылы туған азаматтарды тіркеуге байланысты ішкі саясат бөлімінің бастығы (З.А.Мухамедкариева) осы тұрғыда әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, аудандық баспасөз арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.

11. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары  
Қ . Б и қ а д а м о в қ а жүктелсін.

12. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі		Ә.МҰХТАРХАНОВ
«КЕЛІСІЛДІ»		
Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім бастығы		Толыбаев Ж.Қ.
Аудандық медициналық бірлестігінің директоры		Қалибеков З.Қ.
Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы		Түгелов Н.М.

2008 жылғы « 23 » желтоқсандағы  
Зайсан ауданы әкімінің  
№ 19 шешіміне 1 - қосымша

Зайсан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін 1992 жылы туған азаматтарды медициналық куәләндіратын әскери-



9	Әуезов орта мектебі	34						X				
10	Гагарин орта мектебі	14					X					
11	Дәуленов орта мектебі	9							X			
12	Интернат орта мектебі	6									X	
13	КТМ-23	35							X			
14	Ломоносов орта мектебі	44								X		
15	Мұстафин орта мектебі	11									X	
16	Барлығы	343	45	34	37	49	39	34	44	44	17	

*Зайсан аудандық Қорғаныс істері  
жөніндегі бөлім бастығы Ж.Қ.Толыбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК